

Мұнайлы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 қарашадағы № 16/166 "
Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек мөлшерін, мұқтажа заматтар
санаттарының тізімін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 қазандағы № 45/437 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қазанда № 4000 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 3/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 16.04.2021 № 3/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 1999 жылғы 5 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2019 жылғы 15 ақпандағы № 10-15-297 ұсынысының негізінде, Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек мөлшерін, мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Мұнайлы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 қарашадағы № 16/166 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2320 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 желтоқсандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 және 2 қосымшасы осы шешімнің 1 және 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мұнайлы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі, заңдылық, құқық тәртібі, депутаттар өкілеттілігі

және әдеп жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы Г. Конысбаева).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Мұнайлы аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Себепбаева

Б. Назар

Мұнайлы аудандық мәслихатының

2019 жылғы 03 қазандағы

№ 45/437 шешіміне 1 қосымша

Мұнайлы аудандық мәслихатының

2013 жылғы 19 қарашадағы

№ 16/166 шешіміне 1 қосымша

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесі және шекті мөлшерлері

№ р/с	Санаттар тізбесі	Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздеме	Шекті мөлшерлер	Өтініш білдіру мерзімдері	Төлеу мерзімділігі
Табысы есептелмей өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек					
1	Өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтар	Сұрапыл апат немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасыға) немесе оның мүлгігіне зиян келтіру	120 250 теңгеден артық емес	Өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей	Жылына бір рет
		Өтініш берушінің денсаулығына байланысты мемлекеттік жәрдемақы алмайтын келесі әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы: онкологиялық аурулар, арнаулы туберкулезге қарсы медициналық мекемелерден шығарылған аурулар, иммуннитет тапшылығы вирусы жұққан аурулар және қант диабеті ауруы	60 125 теңгеден артық емес	Өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей	Жылына бір рет
1.1	Облыс әкімінің гранты негізінде қабылданған күндізгі бөлімде оқитын студенттер	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттары өңірлердің кадрларға қажеттілігі ескеріле отырып, талапкерлер өтініш білдірген нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша жоғарғы оқу орындарында оқу үшін мамандықтар кезектілігіне сай білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса Ұлттық Біріңғай Тестілеу немесе Кешенді Тестілеу нәтижелері бойынша	1) оқу орындарында көрсетілетін білім беру қызметінің баға мөлшері ; 2) 12 025 теңге	Жыл сайын Ай сайын	Оқу ақысын төлеу Тамақтану және тұруға кететін шығындарды ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемге төлеу оқу жылының 12

		сертификаттар балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі		айында жүргізіледі
Табысы есептеліп өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек				
2	Мүгедек студенттер	Өтініш беру алдындағы он екі айға Маңғыстау облысы бойынша белгіленген, 4 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, отбасының жан басына шаққандағы орташа табыстың және келісім-шарттың болуы кезінде Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалаврдың (резидентура) академиялық деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттерге білім беру қызметін төлеу	1) оқу орындарында көрсетілетін білім беру қызметінің баға мөлшері ; 2) 12 025 теңге	Жыл сайын Ай сайын Оқу ақысын төлеу Тамақтану және тұруға кететін шығындарды ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемге төлеу оқу жылының 12 айында жүргізіледі
3	1) Тұл жетім студенттер, балалар үйінің, балалар ауылының тәрбиеленушілері; 2) келесі отбасыдан шыққан студенттер: егер ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болуы, жасы бойынша ата-анасының екеуі де зейнеткер болуы, ата-анасының біреуі қайтыс болуы; төрт және одан да көп баласы бар, кәмелет жасқа толмаған балалармен бірге тұратын, соның қатарында кәмелет жасқа жеткеннен кейін оқу орнын аяқтаған уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа жеткенге дейін) жоғары оқу орнында, орташа, техникалық және кәсіби, орташадан кейінгі білім беру мекемелерінде күндізгі бөлімде оқитын балалары бар отбасылар	Мемлекеттік мекемелерді, мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын, білім беру, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт кешендерін қамтамасыз ету, байланыс, туризм салаларының, сондай-ақ, экономиканың дамушы салаларында маркетинг пен менеджмент, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгерген білікті мамандарды даярлау мақсатында, өтініш беру алдындағы он екі айға Маңғыстау облысы бойынша белгіленген, 4 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, отбасының жан басына шаққандағы орташа табыстың және келісім шарттың болуы кезінде Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалаврдың академиялық деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттерге білім беру қызметін төлеу	1) оқу орындарында көрсетілетін білім беру қызметінің баға мөлшері ; 2) 12 025 теңге	Жыл сайын Ай сайын Оқу ақысын төлеу Тамақтануға және тұруға кететін шығындарды ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемге төлеу оқу жылының 12 айында жүргізіледі

4	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсанындағы " Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңының 6 бабында қарастырылған негіздеме бойынша тұлғалар (отбасылар); емделуге отбасы мүшесінің біреуі қайтыс болуына байланысты, тұрмыстық қажеттіліктерге, дәрі дәрмек, мектепке керек жарақтарын алуға мұқтаж басқада тұлғалар (отбасылар)	Өтініш беру алдындағы тоқсанға Маңғыстау облысы бойынша белгіленген, 1,5 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, отбасының жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы	96 200 теңгеден артық емес	Өтініш берген күннен бастап	Жылына бір рет
5	Көпбалалы отбасылар	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және оданда көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында күндізгі нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар)	100 (жүз) мың теңге	-	Жылына бір рет

Мұнайлы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 03 қазандағы
№ 45/437 шешіміне 2 қосымша
Мұнайлы аудандық мәслихатының
2013 жылғы 19 қарашадағы
№ 16/166 шешіміне 2 қосымша

Атаулы күндер мен мерекелік күндерге бір жолғы әлеуметтік көмек мөлшері, алушылар санаттарының тізбесі

№	Атаулы күндер мен мерекелік күндер тізімі	Санаты	Әлеуметтік көмек мөлшері	Әлеуметтік көмек төлеу мерзімділігі
	Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар			
		"Алтын алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, Бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар		

1	22 наурыз – Наурыз мерекесі	Одағының "Батыр ана", "Аналық даңқ" (1,2,3 дәрежесі) ордендерімен, "Аналық медалі" (2 дәрежесі) медалімен марапатталған көп балалы аналар	4 810 теңге	Жылына бір рет
		Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет
2	1986 жыл 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні	Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған тұлғалар	144 300 теңге	Жылына бір рет
		1986-1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылар	120 250 теңге	Жылына бір рет
		1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылар	48 100 теңге	Жылына бір рет
3	1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі мерекесі	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет
4	9 мамыр – Жеңіс күні	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	240 500 теңге	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған тұлғалардан басқа)	144 300 теңге	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар (1986 -1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа)	120 250 теңге	Жылына бір рет
		Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар	96 200 теңге	Жылына бір рет
		Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің қайта некеге отырмаған жесірлері, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі " Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңының 4 бабаның 3,4 тармақтарында көрсетілген тұлғалар	96 200 теңге	Жылына бір рет
		Ауғаныстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар		

		қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары: Чернобыль атом электр станциясындағы апаттық және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары: сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттық және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары	96 200 теңге	Жылына бір рет
		Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері)	96 200 теңге	Жылына бір рет
		Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, соғыста қаза тапқан майдангерлердің отбасы мүшелері мен туыстарының батыр қалаларға және әскери Даңқ қалаларына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің аумағында шайқас болған жерлерге баруын қамтамасыз ету мақсатында өтініш білдірген азаматтарға	150 000 теңгеден артық емес	2016 жылдың 1 қаңтарына дейін
5	1 маусым – Балаларды қорғау күні	16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет
6	29-тамыз Полигонның жабылуы	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар	20 000 теңге	Жылына бір рет
7	30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні	Асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (балаларға) алушылар	19 240 теңге	Жылына бір рет
		Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар	144 300 теңге	Жылына бір рет
		Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет
8	6 қазан – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет
9	16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	12 025 теңге	Жылына бір рет

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алмайтын тұлғалар санаты

10	1 қазан – Халықаралық қарттар күні	Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 жастан асқан зейнеткерлер	4 810 теңге	Жылына бір рет
11	30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні	1991 жылға дейін Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар	86 580 теңге	Жылына бір рет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК